# «Дүниежүзі тарихы» пәнінен

# тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы

*жаратылыстану-математика бағыты*

**11-сынып**

# МАЗМҰНЫ

1.тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты ........................................................................ 3

2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар ........................................ 3

3. Күтілетін нәтижелер ........................................................................................................ 3

4. Ойлау дағдыларының деңгейі .......................................................................................... 4

5. Тоқсандарға ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды бөлу ........................................................................................................................ 5

6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі .................................................................................. 6

7. Модерация және балл қою ............................................................................................... 6

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ ...................................... 7

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ .................................... 16

III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ ................................... 24

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ ................................... 34

**1.тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты**

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексереді.

**2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар**

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

**3. Күтілетін нәтижелер**
**Білім алушы:**
**Білу:**

- өркениеттердің тарихи типтері мен олардың ошақтарын;
- мемлекеттің тарихи түрлері мен мемлекеттік-құқықтық институттарының қалыптасуы мен даму кезеңдерін;
- әлемдік тарих барысына ықпал еткен әскери-саяси оқиғаларды;
- әлемдік мәдени-тарихи прогреске ықпал еткен әлемдік жаңалықтар және жетістіктерді;
- қазіргі әлемдік мәдениеттің жағдайы мен тарихын; адамның, қоғамның пайда болуы мен дамуына қатысты, әлем халықтары мен өркениеттерінің негізгі ғылыми теорияларын;
- әлемдік қоғамдық ойдың дамуына елеулі үлес қосқан тарихи қайраткерлерді;
- дүниежүзі тарихы бойынша негізгі жинақталған ғылыми еңбектерді біледі.

**Түсіну**

- мәдени-тарихи процесті оның бірлігі мен алуан түрлілігін;
- мемлекеттің тарихи формалары мен түрлерін, өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін;
- мемлекеттік-құқықтық институттарының маңызын;
- әлемдік өркениеттердің қалыптасуы мен дамуына табиғи-географиялық факторлардың ықпалын;
- тарих барысына әскери-саяси оқиғалардың ықпалын;
- әлемдік тарихи-мәдени прогресс үшін адамзаттың жетістіктері мен ұлы ашылулардың маңызын;
- түрлі тарихи кезеңдерде әлемдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын;
- әлемдік қоғамдық ойдың дамуындағы тарихи аспектілерді;
- тарихтың дамуына тұлғалардың ықпалын;
- жаһандық әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін жалпы адамзаттық құндылықтардың маңызын түсінеді.

**Қолдану**

- уақыт пен кеңістікте әлемнің мәдени-өркениеттік орталықтары мен мемлекеттері құрылуын анықтау кезінде;
- мемлекеттердің түрлері мен тарихи формаларын, өркениеттердің өзіндік ерекшеліктерін анықтау барысында;
- түрлі тарихи кезеңдердегі әлем халықтарының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы ерекшеліктерін анықтауда;
- әлем тарихындағы тарихи тұлғалардың рөлін анықтау кезінде;
- өткен және қазіргі кездегі оқиғалар мен құбылыстарға қатысты өз позициясын анықтау кезінде тарихи ойлау дағдыларын қолданады.

**Талдау**

- әлем халықтарының ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып тарихи дамуын;
- түрлі тарихи кезеңдерде қоғамның қалыптасуы мен дамуына түрлі факторлардың (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б.) ықпалын;
- себеп-салдар байланыстарын анықтау мақсатында әлем тарихының оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін;
- тарихи тұлғалар қызметінің себептері мен нәтижелерін;
- тарихи деректерді;
- этногенез, саяси және мәдени процестерге қатысты негізгі ғылыми теорияларды;
- жаһандану жағдайында бүгінгі қоғамның даму үрдістері мен перспективаларын талдайды.

**Жинақтау**

- тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды;
- әлем халықтарының тарихи дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларын;
- әлемдік тарихи-мәдени процесс туралы тұтас түсініктері мен тарихи санасын қалыптастыру үшін тұжырымдар мен гипотезаларды жинақтайды.

**Бағалау**

- түрлі тарихи кезеңдердегі қоғамның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б.) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін;
- әлем тарихының ықпалы контекстінде тарихи тұлғалар қызметін;
- әлемдік өркениеттің қалыптасуы мен дамуына түрлі әлем халықтары мәдениетінің қосқан үлесін;
- тарихи деректердің шынайылығын;
- әлем тарихының этникалық, саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін бағалайды.

**4. Ойлау дағдыларының деңгейі**

| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | **Сипаттама** | **Ұсынылатын тапсырмалар түрлері** |
|---|---|---|
| **Білу және түсіну** | өркениеттердің тарихи типтері мен олардың ошақтарын; мемлекеттің тарихи түрлері мен мемлекеттік-құқықтық институттарының қалыптасуы мен даму кезеңдерін; әлемдік тарих барысына ықпал еткен әскери-саяси оқиғаларды; әлемдік мәдени-тарихи прогреске ықпал еткен әлемдік жаңалықтар және жетістіктерді; мәдени-тарихи процесті оның бірлігі мен алуан түрлілігін; мемлекеттің тарихи формалары мен түрлерін, өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін; мемлекеттік-құқықтық институттарының маңызын; әлемдік өркениеттердің қалыптасуы мен дамуына табиғи-географиялық факторлардың ықпалын; тарих барысына әскери-саяси оқиғалардың ықпалын; әлемдік тарихи-мәдени прогресс үшін адамзаттың жетістіктері мен ұлы ашылулардың маңызын түсінеді. | Деңгейді тексеру үшін Көп таңдауы бар тапсырмалар (КТБ) және/немесе Қысқа жауапты (ҚЖ) қажет ететін тапсырмаларды пайдалану ұсынылады |

| | | |
|---|---|---|
| **Қолдану** | «Өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру,антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау, қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау, тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану, дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен мен крест жорықтарының себептерін анықтау, ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіру, өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау | Қысқа жауапты (ҚЖ) қажет ететін тапсырмаларды және/немесе толық жауапты (ТЖ) қажет ететін тапсырмаларды пайдалану ұсынылады |
| **Жоғары деңгей дағдылары** | Шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау, қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау, Л.Н. Гумилевтің этностардың пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми көзқарастарының ерекшеліктерін зерттеу, ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау, деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру, наполеон соғыстары мен Европа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату, Шығыс Европадағы «барқыт» революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау, революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау, Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау, деректерді талдау негізінде адамзаттың рухани-моральдық құндылықтардың қалыптасу қайнар көздерін анықтау,бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдауәлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру. | Деңгейді тексеру үшін Қысқа жауапты (ҚЖ) қажет ететін тапсырмаларды және/немесе толық жауапты (ТЖ) қажет ететін тапсырмаларды пайдалану ұсынылады |

**5. Тоқсандарға ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды бөлу**

| Тоқсан | Білу және түсіну | Қолдану | Жоғары деңгей дағдылары |
|---|---|---|---|
| I | 0 | 40% | 60% |
| II | 0 | 60 % | 40% |
| III | 0 | 20% | 80% |
| IV | 0 | 0 | 100% |
| **Барлығы** | **0** | **30%** | **70%** |

**6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойыңыз.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқауды оқып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығын хабарлаңыз. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығын ескертіңіз. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтыңыз.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығын ескертіңіз.

Оқушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қоюды ұсыныңыз.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отырыңыз.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтініңіз.

**7. Модерация және балл қою**

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет

## І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

### І тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

**Ұзақтығы -** 40 минут
**Балл саны -** 30

**Тапсырмалар түрлері:**
**КТБ** - Көп таңдауы бар тапсырмалар;
**ҚЖ** - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;
**ТЖ** - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

### Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа 5 тапсырмадан тұрады: соның ішінде қысқа/толық жауапты қажет ететін тапсырмалар берілген. Тапсырмаларда кестелер, сызбанұсқалар ұсынылған. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда оқушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

## I тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

| Бөлім | Тексерілетін мақсат | Ойлау дағдыларының деңгейі | Тапсырма саны* | Тапсырма №* | Тапсырма түрі* | Орындау уақыты, мин* | Балл* | Бөлім бойынша балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өркениет: даму ерекшеліктері | 11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 1 | ТЖ | 8 | 6 | 30 |
| | 11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу | Қолдану | 1 | 2 | ҚЖ | 10 | 9 | |
| | 11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 3 | ТЖ | 6 | 4 | |
| | 11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау | Қолдану | 1 | 4 | ҚЖ | 8 | 6 | |
| | 11.1.3.5 дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 5 | ТЖ | 8 | 5 | |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | - | **5** | - | - | **40** | **30** | **30** |
| *Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер* | | | | | | | | |

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен І тоқсан бойынша**
**жиынтық бағалау тапсырмалары**

1. Төмендегі оқу ресурстарын оқып және өз біліміңізді пайдаланып, кестені толтырыңыз.

Меншік қатынастарымен ұйымдастырылу түрлеріне сәйкес болатын барлық экономикалық іс-әрекеттердін жиынтығы сол қоғамның экономикалық жүйесін құрайды. Экономикалық жүйенің элементтеріне меншік негізінде қалыптасқан әлеуметтік – экономикалық қатынастар шаруашылықты ұйымдастыру мен басқару әдісі. Экономиканы реттеуші механизм және кәсіпорындар мен басқа да шаруашылық субъектісі арасындағы нақты экономикалық байланыстар жатады.

| ***ЭКОНОМИКА*** дегеніміз... |
|---|
| |
| ***ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ*** дегеніміз... |
| |
| Өзіңіз білетін бір экономикалық жүйені таңдап, SWOT-талдауын жүргізіңіз. |




[6]

2. Өз біліміңізді пайдаланып, экономикалық жүйе түрлерінің белгілерін түсіндіре отырып, кестені толтырыңыз.

| Экономикалық жүйе түрлері | | |
|---|---|---|
| *«нарықтық экономика»* | *«жоспарлы экономика»* | *«аралас экономика»* |
| 1.<br>2.<br>3. | 1.<br>2.<br>3. | 1.<br>2.<br>3. |

[9]

3. Мәтінді және өз біліміңізді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін көрсететін кестені толтырыңыз.

*Қазақстан әр түрлі пайдалы қазба байлықтарға мол. Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 99 элементі Қазақстанның жер қойнауынан табылған. 70-нің қоры бар, өндірісте 60 элементің пайдаланады. Қазіргі таңда 493 кен орындары белгілі. 1225 түрі минералды өнімнен тұрады.. Қазақстан цинк, вольфрам және барит қорын сақтауда бірінші орында,*

*екінші – күміс, қорғасын, хром, үшінші – мыс пен флюорит, төртінші – молибден, алтыншы – алтын. Геология-экономикалық бағалау нәтежесі бойынша Қазақстандағы пайдалы қазбалардың ішінде, көмір, мұнай, мыс, темір, қорғасын, цинк, хромит, алтын, марганецтердің экономикалық маңыздылығы анағұрлым жоғары.*

| | Географиялық орналасуы | Табиғи ресурстары және пайдалы қазбалары | Ауыл шаруашылығының даму ерекшеліктері | Өнеркәсіптің даму ерекшеліктері |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан | | | | |

[4]

4. Төменде, Азия және Африка елдерінің артта қалуының себептері көрсетілген. Солардың ішінен, сіздің ойыңызша, әр аймаққа тән негізгі 2 себептен жіктеп, аргумент келтіре отырып қорытынды ойыңызды жазыңыз.

1. Отарлау және оның салдары (Африка Ұлыбритания, Франция, Нидерланды және т.б. сияқты елдердің отары болды).
2. Африканың көптеген дамушы елдерінің пайдасына қалыптаспайтын әлемдік нарықтағы қатаң бәсекелестік. Олар іс жүзінде дамыған елдер үшін шикізат қосындысы болып қала берді.
3. Дамыған және дамушы мемлекеттердің өзара тәуелділігінің асимметриялылығы, соның салдарынан экономикалық дағдарыстар туындады.
4. Дәстүрлі қоғамдардың нарықтық экономика принциптерімен үйлеспеді .
5. Халықтың жыл сайынғы өсу қарқыны азық-түлік өндірісінің қарқынынан артта қалып отырды.
6. Жергілікті экономиканың көпмәдениеттілігі сақталуды.
7. Әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын таңдау және жүзеге асырудағы дамушы елдердің саяси көшбасшыларының қателіктері мен қателіктері.
8. Халықтың білім деңгейінің төмендігі
9. Саяси тұрақсыздық. Мемлекеттік төңкерістердің шексіз тізбегі бір елде, басқа елде, ең алдымен, инвестициялар беру процесінде көрініс табады, демек, экономикалық өсуді уақытша баяулатады немесе тіпті тоқтатады.

| Азия елдеріне тән себептер: | Африка елдеріне тән себептер: |
|---|---|
| 1 | 1 |
| 2 | 2 |
| Қорытынды: | |

[6]

5. Мәтінмен танысып шығыңыз. Ол жерде көрсетілген ұсыныспен қаншалықты келісетініңізді немесе келіспейтініңіздің анықтап, аргумент келтіре отырып жазыңыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мың жылдық саммитінде қозғалған мәселердің бірі – кедейшілікпен күрес. Дүниежүзіндегі 6 миллиард халықтың 3 миллиардқа жуығы кедейшілік жағдайда өмір сүруде, 100 миллиондай бала, баспанасыздар санатында. Қазіргі кезде әлемде 800 миллион адам аштық азабын тартып отыр. Сол кездесуде Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік саммиттің мінберінен былай деген: «Мен осыдан 10 жыл бұрын Біріккен Ұлттар Бас Ассамблеясында барлық мемлекеттердің әскери

шығындарын 1 пайызға қысқарту және үнемделген ақшаны аса кедей елдердің дамуына аудару жөніндегі жасаған ұсынысымды қайталап айтқым келеді»

*Келісемін/ Келіспеймін*
*Себебі*
Мысалы
1
2
Қорытынды

[5]

**Балл қою кестесі**

| Тапсырма № | Жауап | Балл | Қосымша мәлімет |
|---|---|---|---|
| 1 | ЭКОНОМИКА дегеніміз... материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну үрдісі кезінде адамдар арасында пайда болатын өндірістік қатынастар. | 1 | Білім алушының таңдауына байланысты жауабы ескеріледі.<br><br>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |
| | ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ дегеніміз... экономикалық өнімді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну барысында туындайтын негізгі экономикалық қатынастардың нысаны мен мазмұнын айқындайтын қағидаттардың, ережелердің, заң жүзінде баянды етілген нормалардың тарихи тұрғыда пайда болған немесе белгіленген, елде жұмыс істеп тұрған жиынтығы. | 1 | |
| | SWOT талдау<br>Мысалы: «Жоспарлы экономика»<br>Артықшылығы: мемлекет тарапынан әлеуметтік қамтамасыз етілу (білім, медецина т.б)<br>Кемшілігі: тауар өндіруде шығынның көп болуы.<br>Мүкіндіктері: әлеуметтік теңсіздікті жою.<br>Қауіп-қатер: азаматтардың мемлекеттің мойнына мініп отыруы | 4 | |
| 2 | *Нарықтық экономика*<br>еркін кәсіпкерлік, өндіріс құрал-жабдығына меншік нысандарының көптігі, нарықтық баға белгілеу, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы шарттық қатынастар, мемлекеттің шаруашылық қызметке шектеулі түрде араласуы қағидаттарына негізделген экономика, яғни тауарлар мен қызметтерді өндіру, бөлу, оны бағдарламалау және реттеу саласы нарықта біріктірілетін экономика. | 3 | Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |
| | *Жоспарлы экономика*<br>КСРО-да және басқа да “социалистік” деп аталған елдерде қолданылған экономика жүйені ұйымдастыру тәсілі, мұнда материалдық қорлар мемлекет меншік болып есептеліп, барлық кәсіпорындардың экономика қызметі директивалық жоспарлау, басқару және бақылау арқылы бағытталып, үйлестіріліп отырды. | 3 | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Аралас экономика<br>әртүрлі меншік нысандарына негізделіп, олардың өзара қарым-қатынасы мен ықпалдасуына негізделеді. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеке меншік пен мемлекеттік меншік арасындағы қарым-қатынас, кәсіпорындарды мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру процестері жеделдетеді. Дамыған елдерде көп нысанды Аралас экономика сипаты басым және онда жеке меншік, мемлекеттік меншік нысандарымен қатар муниципиалдық, кооперативтік, жалгерлік меншік түрлері де дамыған.</td>
<td>3</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>3</td>
<td>
<table>
<tr><td colspan="2">Қазақстан Республикасы</td></tr>
<tr><td>Географиялық орналасуы</td><td>Қазақстан КХР 1460 км Қырғыстанмен 980км, Түркіменстанмен 380км, Өзбекстанмен 2,300км, Ресей федерациясымен 6467км шекараласады. Шекаранын жалпы ұзындығы 12187 км.</td></tr>
<tr><td>Табиғи ресурстары және пайдалы қазбалары</td><td>Қазақстан әр түрлі пайдалы қазба байлықтарға мол. Менделеев таблицасындағы 105 элементтің 99 элементі Қазақстан қойнауында табылған. 70-нің қоры бар, өндірісте 60 элементін пайдаланады. Қазіргі таңда 493 кен орындары белгілі. 1225 түрі минералды өнімнен тұрады. Қазақстан цинк, вольфрам және барит қорын сақтауда бірінші орында, екінші – күміс, қорғасын, хром, үшінші – мыс пен флюорит, төртінші – молибден, алтыншы – алтын.</td></tr>
<tr><td>Ауыл шаруашылығының даму ерекшеліктері</td><td>Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберіндегі мемлекеттік шараларды іске асыру жобалары жасалды.<br>Астық өндірісін мемлекеттік қолдау өндіріс көлемі мен өсімдік шаруашылығы үлесін 2003 жылы 48%-ға дейін өсіруге мүмкіндік берді, 2004 жылы ол 43%-ға дейін қысқарды, 2005 жылы төмен өнімділікке байланысты одан әрі 30%-ға дейін төмендеу күтілуде. Дегенмен, кейбір болжамдар бойынша, егер тамақ өнеркәсібі ірі отандық және шетелдік инвестициялар обьектілеріне көкөніс пен жеміс-жидектер өнеркәсіптік түрге арналып,</td></tr>
</table>
</td>
<td>4</td>
<td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td></td><td>жаңа және модернизацияланған кәсіпорындар тарапынан өңделуге түсуі артатыны анық. АӨК жүйесінде мәліметте жинаудың арнаулы сапасы ретінде стратегиялық маркетингтік талдау жүзеге асырылатын болады.</td></tr>
<tr><td>Өнеркәсіптің даму ерекшеліктері</td><td>Ауыр өнеркәсіп — халық шаруашылығының ұлттық экономиканың дамуына шешуші ықпал ететін маңызды саласы. Ауыр өнеркәсіп өндіруші және өндеуші кәсіпорындардан құралады. Қазақстандағы өндіруші ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарына кен-химия шикізатын, түсті және қара металл, мұнай, газ, көмір, биметалл кендерін, құрылыс материалдарын өндіретін құрылымдар жатады. Өңдеуші өнеркәсіпке қара және түсті металдар, прокат, химиялық және мұнай-химиялық өнімдерін, машиналар мен құрал-жабдықтар, ағаш және целлюлоза-қағаз өнімдерін, цемент т.б. құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар енеді.</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>4</td>
<td>Мысалы:
<table>
<tr><td>Азия елдеріне тән себептер:</td><td>Африка елдеріне тән себептер:</td></tr>
<tr><td>1, 2</td><td>1, 9</td></tr>
<tr><td>2,1</td><td>2, 7</td></tr>
<tr><td colspan="2">Қорытынды:<br>Дамушы елдер тәуелсіздік алған жылдарда артта қалушылықты жою бағытында айтарлықтай күш жігер жұмсап келе жатқанына қарамастан, Африка дүниежүзілік шаруашылықтың перифериясы болып отыр: мұнда экономиканың отарлық салалық және аумақтық құрылымы сақталған. Шаруашылық және саяси ынтымақты нығайту – континент елдерінің басты міндеттерінің бірі.</td></tr>
</table>
</td>
<td>6</td>
<td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td>
</tr>
<tr>
<td>5</td>
<td>Келісемін/ Келіспеймін<br>Мен бұл пікірмен толықтай келісемін. Өйткені адам үшін ең басты құндылық бейбіт заманда толыққанды өмір сүру болып табылады. Қазіргі заманда әртүрлі соғыстардың кесірінен бейбіт тұрғындар зардап</td>
<td>5</td>
<td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шегуде. Бейбіт тұрғындардың өмірі мемлекет үшін маңызды болуы тиіс. Елдің әлеуметтік ахуалын көтеру үшін мемлекет әртүрлі бағдарламаларды ұолға алуы тиіс. Аш адамға балық берме, қармақ бер демекші, мен ең алдымен олардың білім саласына, дамыған мемлекеттер тарапынан көмек көрсетуін сұрар едім. Әрі қарай олар мемлектінде болып жатқан проблемаларды өз беттерінше шеше алатынына сенемін. | | |
| **Жалпы балл** | | **30** | |

## II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

### II тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы -** 40 минут
**Балл саны -** 30 балл

**Тапсырмалар түрлері:**
**КТБ -** Көп таңдауы бар тапсырмалар;
**ҚЖ -** Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;
**ТЖ** - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

### Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа 5 тапсырмадан тұрады: соның ішінде қысқа/толық жауапты қажет ететін тапсырмалар берілген. Тапсырмаларда кестелер, сызбанұсқалар ұсынылған. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда оқушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

**II тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттама**

| Бөлім | Тексерілетін мақсат | Ойлау дағдыларының деңгейі | Тапсырма саны* | Тапсырма №* | Тапсырма түрі* | Орындау уақыты, мин* | Балл* | Бөлім бойынша балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саяси-құқықтық процестер | 11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемелекет» ұғымын қолдану | Қолдану | 1 | 1 | ҚЖ | 5 | 3 | 30 |
| | 11.2.1.5 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 2 | ТЖ | 9 | 6 | |
| | 11.2.1.9 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 3 | ҚЖ | 8 | 5 | |
| | 11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқындар» терминдерін қолдану | Қолдану | 1 | 4 | ҚЖ | 8 | 6 | |
| | 11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау | Қолдану | 1 | 5 | ТЖ | 10 | 10 | |
| **Барлығы:** | | **-** | **5** | **-** | **-** | **40** | **30** | **30** |
| *Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер* | | | | | | | | |

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен II тоқсан бойынша**
**жиынтық бағалау тапсырмалары**

1. «Құқықтық мемелекет» туралы пікірлерді олардың авторларымен сәйкестендіріңіз.

| Тұлға | Пікірлер |
|---|---|
| 1. Платон | А. Саяси бостандық барлық қатынастар құқықпен реттелетін және заңдар билеушілердің еркінен үстем тұратын мемлекетте ғана мүмкін болмақ. Бостандықтың өлшемі - құқық. Құқықтың үстемдігі биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына жіктелуі арқылы қамтамасыз етіледі, нәтижесінде «әр түрлі билік тармақтары бір-бірін өзара тежеп отырады. Биліктің бөлінуі және өзара тежеу саяси бостандықтарды қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. |
| 2. Ш.Л.Монтескье | В. «Заңдар - билеушілердің билеушісі, ал олар оның құлы болғанда, мемлекет пен оған құдай сыйлайтын барлық құндылықтар құтқарылады». Заң міндеті - бір әлеуметтік топқа емес, тұтас мемлекеттің игілігіне қызмет ету. Мемлекеттілік әділ заңдар үстемдік еткен жерде ғана болуы мүмкін. Заң қорғаушысы - соттар. Кез келген мемлекетте соттар тиісті орында болмаса, ондай мемлекет өз билігін жоғалтады |
| 3. Джон Лок | С. Құқықтың басымдығы идеясы табиғи құқыққа сәйкес келетін және индивидтің ажырағысыз табиғи құқықтары мен бостандықтарын танитын заң жоғарылығы болатын, әрі билік бөлісу жүзеге асырылған мемлекет түрінде көрінеді. Құқық жоғарылығы танылған осындай мемлекетті ол басқа барлық басқару түрлеріне қарсы қояды, оларды деспоттық мемлекеттер ретінде таниды. |

| 1<br>Платон | 2<br>Ш.Л.Монтескье | 3<br>Джон Лок |
|---|---|---|
| | | |

[3]

2. Мәтінді, біліміңізді пайдалана отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
"Гвинея-Бисауда тіпті бес жасар балаларды құлдыққа сатады да, елден мақта плантациясына Оңтүстік Сенегалға апарады немесе олардан ел астанасында қайыршылық жасатады.

Ганада 5-тен 14 жасқа дейінгі балаларды ең жақсы болашақ және балық индустриясы кәсіпорындарына білім алу мүмкіндігі туралы жалған уәделер айтып, онда қауіпті, ақы төленбейтін жұмысты орындауға мәжбүрлейді»

*Мәтін бойынша «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» қандай баптары бұзылған?*

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

[1]

*Қазіргі кезде әлемде «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» қандай баптарыгың орындалмай жатқанын білесіз және қандай дәлел келтіре аласыз?*

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

[2]

*Қазіргі кезде әлемде «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» толық қанды 100% ұстануымызға не кедергі болып тұр және оны қалай өзгерте аламыз?*

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

[3]

3. Өз біліміңізді пайдалана отырып, төменде көрсетілген халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың бірін таңдап, олардың қызметін бағалауға бағытталған кестені толтырыңыз.

Халықаралық Қызыл крест Комитеті Халықаралық құқық қауымдастығы Гринпис



«Цензурамен күрес» халықаралық орталығы Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры



| Үкіметтік емес ұйымның атауы | Мақсаты, міндеттері | Қай салада қызмет жасайды | Қорытынды (ұйымның қоғамның түрлі салаларына әсер ету мысалдарын келтіреді.) | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | экономика | саясат | әлеуметтік өмір |
| | | | | | |

[5]

4. Өз біліміңізді пайдалана отырып, тарихи оқиғалар мен процестерді түсіну үшін төмендегі терминдерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

| | Терминдер | | Мағынасы |
|---|---|---|---|
| 1 | сепаратизм | A | қоғамда белгілі бір күштердің (саяси, экономикалық, этникалық қысым, соғыс, табиғи апат) қысымына қарсы тұруға, төзуге шарасыз болудың әсерінен өз елінен басқа бір елге көшуге мәжбүр болған адамдар. |
| 2 | Терроризм | B | адамдардың қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс тебу процесі. Халық көші-қонын бірегейлендірудің негізгі белгілерінің бірі - қандай да бір аумақтың әкімшілік шекарасын кесіп өту (мемлекет, аудан, аймақ, қала және т.б.). |
| 3 | фундаментализм | C | жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. |
| 4 | экстремизм | D | бұл термин «діни догмалардың өзгермейтінін насихаттайтын, «қасиетті» кітаптардағы пайғамбарлар мен ғажайыптардың сөзбе-сөз қабылдауын талап ететін, және оның қатаң түрде аллегориялық түсіндірілуінен бас тартатын, ақыл-ой, санаға қонымды дәлелдерден гөрі, соқыр сенімді ұстанатын, сонымен қатар, діннің барлық дәстүрлі қағидаларын қатаң және мүлтіксіз орындауды талап ететін діни бағыттарға қатысты» қолданылады |
| 5 | Миграция | E | саяси-әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет. |
| 6 | босқындар | F | жікшілдік, оңашалануға тырысушылық. Көп ұлтты мемлекеттердегі аз ұлттың өкілдері алдына бөлек мемлекет болып бөлініп шығуға немесе автономия алуға ұмтылады. Ұлт-азаттық қозғалыстан ерекшелігі - оның жалпыхалықтық, бұқаралық сипаты болмайды, ол ұлттың бір бөлігінің мүддесін қамтиды. |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

[6]

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Әлемнің екі жүйеге бөлінуіне қандай жағдайлар әсер етті?

1.

2.

3.

Капиталистік жүйенің ерекшеліктерін жазыңыз.

1.________________________________________________________________

________________________________________________________________

2.________________________________________________________________

________________________________________________________________

Социалистік жүйенің ерекшеліктерін жазыңыз.

1.______________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

2.______________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

Екі жүйенің ұқсастықтарын жазыңыз.

1.

2.

3.

[10]

**Балл қою кестесі**

<table>
<tr><th>Тапсырма №</th><th>Жауап</th><th>Балл</th><th>Қосымша мәлімет</th></tr>
<tr><td>1</td><td><table><tr><td>1<br>Платон</td><td>2<br>Ш.Л.Монтескье</td><td>3<br>Джон Лок</td></tr><tr><td>B</td><td>A</td><td>C</td></tr></table></td><td>3</td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="3">2</td><td>4-бап<br>Ешкім де құлдықта немесе жасырын күйде ұсталмауы тиіс; құлдық пен құл саудасына олардың барлық түрлерінде тыйым салынады.</td><td>1</td><td rowspan="3">Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td></tr>
<tr><td>Қазір әлемде 152 миллион құл бала бар. Бұл туралы БҰҰ-ның құлдықтың қазіргі заманғы түрлері бойынша арнайы баяндамашысы Урмила Бхоола мәлімдеді, деп хабарлайды ТАСС.<br>Оның зерттеуінде айтылғандай, кәмелетке толмағандардың арасында 64 миллион қыз және 88 миллион ұл бала бар екен. Олардың жартысына жуығының жас мөлшері 5 пен 11-дің арасында.<br>Жалпы алғанда, әлемде он баланың біреуі, ал ең аз дамыған елдерде бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары — 5-тен 17 жасқа дейінгі әрбір төртінші бала құлдықта жүр.</td><td>2</td></tr>
<tr><td>Егер «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» ұстансақ, әлемде күніне 16000 бала аштықтан өліп жатқан статистиканы жоққа шығара алмаймыз, әр 5 секундта 1 бала. Егер сөз бостандығы болса, өз ойын жасырмай айтып 1000даған адамдар неге абақтыда қамауда отыр. Егер білім алу құқығы болса, 1 млрд. сауатсыз адам қайдан шықты. Соңғы статистика бойынша әлемде 27 млн. адам құлдықта жүр, бұл ресми ақпарат...<br>Әрине бұл құжаттың міндетті емес, тек ұстануға ұсынылған болғандықтан және оны міндеттемейінше біз ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмаймыз деп ойлаймын...</td><td>3</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Грииндпис (Greenpeace — «жасыл әлем») — 1971 жылы Канадада негізі қаланған халықаралық қоғамдық табиғатты қорғайтын ұйым.<br>(Басты) Негізгі мақсаты – жаһандық (әлемдік) экологиялық проблемаларды (мәселерді) шешу, соның ішінде билік пен қоғам назарын аудару арқылы.<br>Гринпис тек қана өз жақтастарының ғана берген қаржылық көмегімен өмір сүруде, ал мемлекеттік құрылымдар, саяси партиялар және бизнестен қаржылай көмекті үзілді-кесілді қабылдамайды.<br>Гринпис БАҚ назарын экологиялық мәселелерге аударуға бағытталған ірі акцияларымен белгілі</td><td>5</td><td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>4</td><td><table><tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td></tr><tr><td>F</td><td>E</td><td>D</td><td>C</td><td>B</td><td>A</td></tr></table></td><td>6</td><td>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Әлемнің екі жүйеге бөлінуіне қандай жағдайлар әсер етті?<br>1. Экономикалық жүйедегі айырмашылық.<br>2. Идеологиялық қарама-қайшылық<br>3. Саяси бақталастық<br>Капиталистік жүйенің ерекшеліктері<br>1.демократиялық режим<br>2. әлеуметтік-бағдарланған нарықтық экономика<br>Социалистік жүйенің ерекшеліктерін жазыңыз.<br>1. командалық-әкімшілік жүйе<br>2. Социалистік жоспарлы экономика<br><br>Екі жүйенің ұқсастықтары<br>1. Американдық және кеңес дипломатиясының іс-әрекеттері прагматикалық ойлармен және меншікті мемлекеттік мүдделермен үстемдік етті.<br>2. Адамзаттың болашағын қорғауға өзіндік міндеттері туралы шектен тыс сенімі<br>3. Әлемдік үстемдікке ұмтылу.</td><td>10</td><td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жалпы балл</td><td>30</td><td></td></tr>
</table>

## ІІІ ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

### ІІІ тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы -** 40 минут
**Балл саны -** 30 балл

**Тапсырмалар түрлері:**
**КТБ -** Көп таңдауы бар тапсырмалар;
**ҚЖ -** Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;
**ТЖ -** Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

### Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа 5 тапсырмадан тұрады: соның ішінде қысқа/толық жауапты қажет ететін тапсырмалар берілген. Тапсырмаларда кестелер, сызбанұсқалар ұсынылған. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда оқушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

**ІІІ тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| **Бөлім** | **Тексерілетін мақсат** | **Ойлау дағдыларының деңгейі** | **Тапсырма саны*** | **Тапсырма №*** | **Тапсырма түрі*** | **Орындау уақыты, мин*** | **Балл*** | **Бөлім бойынша балл** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қоғамдық-саяси ойдың дамуы | 11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 1 | ТЖ | 8 | 6 | 30 |
| | 11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау | Қолдану | 1 | 2 | ТЖ | 6 | 5 | |
| | 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 3 | ҚЖ | 8 | 6 | |
| | 11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 4 | ТЖ | 12 | 8 | |
| | 11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау; | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 5 | ТЖ | 6 | 5 | |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **-** | **5** | **-** | **-** | **40** | **30** | **30** |
| *Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер* | | | | | | | | |

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ІІІ тоқсан бойынша**
**жиынтық бағалау тапсырмалары**

1. Кестені толтырыңыз.

| Ағартушылық дәуірдің ойшылдары | | |
|---|---|---|
| 1. | 2. | 3. |
| Олардың негізгі идеялары мен басты құндылықтары | | |
| 1. | 2. | 3. |

[6]

2. Өз біліміңізді және мәтінді пайдалана отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.





*Махатма Гандидің нақыл сөздері:*

- Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзің бол, Болашағыңның өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті тап қазір жаса.
- Жеттім, толдым деген адамның дамуы тоқтап, міндетті түрде кері кетуі басталады.
- Көкірегі кең, өз ісіне сенімді кішкене дененің әлем тарихын өзгертуге қауқары жетеді.
- Біз тыңдаймыз, бірақ үнсіз қалу үшін емес.
- Мақсатыңды тап, ресурс табылар.
- Адам баласын құрдымға апаратын нәрселер мыналар: принципі жоқ саясат, ұжданнан жұрдай болып тән рахатына бөлену, жұмыссыз байлық, мінезсіз білім, моральсіз бизнес, адамгершіліксіз ғылым...
- Кешіру мықтылардың ісі. Әлсіздер кешірімді бола алмас.
- Зорлық-зомбылықпен келген жеңіс жеңіліспен пара-пар. Бұндай жеңістің ғұмыры қысқа.

*Не себепті М. Гандидің халық арасында үлкен танымалдылыққа ие болды?*

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

*Махатма Гандидің нақыл сөздерінің үшеуін таңдап, олардың мәнісін түсіндіріңіз.*

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

*Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын дәлелдеңіз.*

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

[5]

3. Кестені толтырыңыз.

| М. Кемалдың жүргізген реформалары | | |
|---|---|---|
| саяси | экономикалық | әлеуметтік |
| 1<br>2 | 1<br>2 | |
| Зайырлы мемлекеттің қалыптасуы үшін реформалардың маңыздылығына дәлел келтіріп баға беріңіз. | | |
| | | |

[6]

4. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

*Ш. де Голльдің президенттік кезеңіндегі Францияның негізгі жетістіктерін атаңыз.*

*1.*

*2.*

*2. Ш. де Голльдің сыртқы саяси бағытын сипаттаңыз.*

*1.*

*2.*



*3. «Голлизмге» түсініктеме беріңіз*

*1.*

*2.*

*4. Франция тарихындағы Шарль де Голлдің рөлі қандай болды?Дәлел келтіріңіз.*

[8]

5. Берілген суреттерді және мәтінді пайдаланып, Азияның «Жолбарыс елдері» деп атануын түсіндіретін кестені толтырыңыз.
*(Ескерту: бір мемлекетті таңдаңыз):*







Әлемдік қауымдастық бүгінде Оңтүстік Азия мен Оңтүстік Шығыс Азияның бірқатар елдерін бейнелі түрде «Азия жолбарыстары» деп атайды. Өйткені соңғы жарты ғасыр көлеміндегі бұл елдердің экономикалық өрлеуі расында да жолбарыстың әрекеті мен секірісі секілді. Оның үстіне олар осынау керемет өсу көрсеткіштерімен «дамудың кілті батыста – Еуропада» деген түсінікті теріске шығарып, әлемді мойындатты.
Азияның « Жолбарыс елдері»:

- Гонконг
- Сингапур
- Оңтүстік  Корея
- Тайвань

| Бөлімдер | Басшысы | Реформалар | | |
|---|---|---|---|---|
| Мемлекет | | Экономикалық | Саяси | Әлеметтік |
| | | | | |
| Қорытынды: | | | | |

[5]

**Балл қою кестесі**

<table>
<tr><th>Тапсырма №</th><th>Жауап</th><th>Балл</th><th>Қосымша мәлімет</th></tr>
<tr><td>1</td><td>
<table>
<tr><td colspan="3">Ағартушылық дәуірдің ойшылдары</td></tr>
<tr><td>Вольтер</td><td>Жан Жак Руссо</td><td>Шарль Луи Монтескье</td></tr>
<tr><td colspan="3">Олардың негізгі идеялары мен басты құндылықтары</td></tr>
<tr><td>Вольтер қазіргі материалистік мектептің қарсыласы болды және ғылымдағы эмпирикалық (тәжірибелік) бағытты ұстанды.</td><td>Руссо прогресті иеліктен шығару процесі ретінде қарастырды, қоршаған ортамен теңдестірілген қарым – қатынаста тұратын табиғи, үйлесімді, мінсіз әлеуметтік орган деп санады.</td><td>Әрбір заманауи мемлекеттің үш билігі болуы тиіс: біріншісі-заң шығарушы билік; екіншісі – атқарушы билік; үшіншісі-сот билігі. Ал атқарушы билікті патша (Президент) басқаруы керек.</td></tr>
</table>
</td><td>6</td><td>Білім алушының басқа да ағартушылар туралы жазуына болады. Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Ганди 1869-1948 жылдары өмір сүрген, Индияны Ұлыбританиядан азат ету үшін күрескен ғасыр адамы.<br>Біз тыңдаймыз, бірақ үнсіз қалу үшін емес.<br>Әркім өз ойын еркін жеткізіп дағдылануы тиіс. Ойың дұрыс болса соның соңында қызмет жасау керек.<br>Мақсатыңды тап, ресурс табылар<br>Адамға үлкен жетістіктерге жету үшін үлкен мақсаттар керек.<br>Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзің бол<br>Адам ең алғаш қадамды өзін өзгертуден бастауы керек.<br><br>Гандидың ұлылығы  - азаттық үшін күресте бір тамшы қан төкпей, ешқандай агрессиясыз елін егемендікке қарай алып шықты.</td><td>5</td><td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td></tr>
<tr><td>3</td><td>
<table>
<tr><td colspan="3">М. Кемальдің жүргізген реформаларын атаңыз:</td></tr>
<tr><td>саяси</td><td>экономикалық</td><td>әлеуметтік</td></tr>
<tr><td>- Сұлтанатты тарату (1 қараша 1922ж.);<br>-Республиканың жариялауы (29 қазан 1923 ж.);</td><td>- Ашара жүйесін жою (ауыл шаруашылығына ескірген салық салу);<br>-Ауыл шаруашылығында жеке кәсіпкерлікті ынталандыру;</td><td>- Әйелдерге ерлермен тең құқықтар беру (1926-1934 жж.);</td></tr>
</table>
</td><td>6</td><td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Зайырлы мемлекеттің қалыптасуы үшін реформалардың маңыздылығына баға беріп сипаттаңыз.<br>Мұстафа Кемал ұлттық идеяның негізгі принциптерін Отан, ұлт, республика, қоғамдық құқықтарды қалыптастырды. Олармен қатар Конституцияға енгізілген бірқатар қағидаттар қабылданды. Республикалық басқару формасына адалдықты; революционизм - тәуелсіздік үшін күрес принциптеріне адалдық, ұлтшылдық - түрік ұлтының биік болуы; лаицизм - дінді мемлекеттен бөлу принципін қорғау; халық - сыныптар мен таптық күресті танымау; демократизм негізінде халық егемендігін жүзеге асыру. Бұл қағидаттар әртүрлі дәрежеде Ататүрік басқармасы мен қазіргі уақытта жүзеге асырылды. | | |
| 4 | *Ш. де Голльдің президенттік кезеңіндегі Францияның негізгі жетістіктерін атаңыз.*<br>1. Шарль Андре Жозеф Мари де Голль француз генералы, мемлекет қайраткері.<br>2. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Француз ұлт азаттық қозғалысының көсеміне айналды. Бесінші Республиканың негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті (1959—1969).<br>*Ш. де Голльдің сыртқы саяси бағытын сипаттаңыз.*<br>1. 1943 жылы маусымда Голль Алжирде құрылған Франция ұлттық азат ету комитетінің тең төрағасы болып сайланды. 1944 ж. маусым айында бұл комитет Франция Республикасының уақытша үкіметі болып қайта құрылып, 1944 ж. тамыз айында азат етілген Париж қаласына көшіп келді.<br>2. II дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң Голль Францияда президенттік басқару үлгісін орнықтыруға күш салды. Бұл жоспары қарсылыққа ұшыраған соң 1946 ж. биліктен кетіп, келесі жылы "Франция халқының бірлестігі" партиясын құрды.<br>*«Голлизмге» түсініктеме беріңіз*<br>1. Голлизм- генерал де Голльдің істеріне және идеяларына негізделген француз саяси идеологиясы. Голлизмнің эмблемасы- лотарингтік крест.<br>2. Голлизмнің негізгі идеясы-Францияның өзге мемлекеттерден Ұлттық тәуелсіздігі. Сонымен қатар, голлизм әлеуметтік және экономикалық саясатқа байланысты болады. Голлизм әдетте оң идеология ретінде қабылданады. Голлизмге әлеуметтік сұрақтарда консерватизм, ал экономикалық сұрақтарда дирижизм тән<br>*Франция тарихындағы Шарль де Голлдің рөлі қандай болды?Дәлел келтіріңіз*<br>1965 ж. жаңа 7 жылдық мерзімге қайта сайланды. Ол билік жүргізген кезеңде парламенттің билігі шектелді, президентке қосымша өкілеттіктер берілді. Голльдің тұсында Франция атом қаруын жасап, ядролық державаға | 8 | Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |

<table>
<tr><td></td><td>айналды.1969 ж. өткен референдумнан кейін биліктен кетті.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>
<table>
<tr><td>Мемлекет</td><td>Сингапур.</td></tr>
<tr><td>Басшысы</td><td>Ли Куан Ю.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Реформалар</td></tr>
<tr><td>Экономикалық</td><td>1965 жылы тәуелсіздік алғанда Сингапур әлемнің ең кедей елі болатын. Ішетін таза су мен құрылысқа керектенетін құмның өзін көрші Малайзиядан алады екен. Қандай бір табиғый байлық жоқ. Жер көлемі 714,3 км.кв (Монголиядан 2150 есе аз). Малай, Қытай, Индиялықтар болып, тағысын тағы қырық темірдің қылауынан құралған халқының саны үш миллион, адам басына шаққан ЖІӨ-і 500 долларға да жетпейтін еді.<br>Ал кәзір Әлемнің ең алдыңғы экономикасының бірі, алтын қоры, қаржы қаражат, ақпараттық технология жағынан Еуропаның көптеген дамысты елдерін артқа тастаған, 2014 жылы ЖІӨ-і 300 миллярд, бір адамға шаққандағы ЖІӨ 78 000 долларға жеткен алпауыт елге айналды.<br>Шет елден көмек алуды мақсат етпеген, керісінше тура қаражат кіргізуді (FDI), еркін сауда саттық пен озық технология енгізуді қолдаған. Шеттікі дегеннің бәрін қотармаған, ең жақсы, нәтижелі, озық тәжрибені ғана көшіріп пайдаланған.</td></tr>
<tr><td>Саяси</td><td>Билік халықтың алдында барынша таза, адал болуды мақсат еткен. Барлық қиындық, проблемаларды жасырмай ашық айтып, шешетін жолдарын ақылдасып отырған, еңбекқорлық, қатаң тәртіпті халқынан талап еткен. Жемқорлықты түбірімен жойған. Заң алдында ешкімге жеңілдік көрсетпеген. Алғашқы ПМ Ли Куан Йү заң бұзған туыстарын да, достарын да аямаған.<br>Билікке, мемлекеттік қызметке, бизнес пен экономиканы басқаруға өте жоғары білімді технократтар, адал адамдарды шақырған. Оларды қолдаған, өсірген. Туыстық, достық қатынасты мемлекет қызметінен, биліктен мүлде аластаған.<br>Саяси тұрақтылықты қалыптастырған. Заңды жиі өзгертпеген, ойын ережесін саясатта болсын, бизнес, экономикада болсын түсінікті етіп, бизнесті шетелдікі, өзіміздікі деп алалап айырмаған, бәріне бірдей мүмкіндік жасаған.</td></tr>
</table>
</td><td>5</td><td>Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Прагматизм үкіметтің ең мықты ұстанымы болған. Үлкен жеңістің жолын ашатын кішігірім істерді алдымен қолға алған. (Жижиг чулуугаар том чулуу хөдөлгөх) Даңғаза әрекеттерге бармаған. Мысалы,Үкімет ең алғаш нақтылап қолға алған істің бірі қала тазалау болған екен. Керекті керексіз халықаралык жиын өткізгенше бір ауылға ауыз су құбырын жеткізген әлдеқайда пайдалы деп есептеген.<br>Барлық көршілермен тату болу саясатын берік ұстаған, ешкіммен кикілжіңге бармаған. Халқының ойын басқаға бөлмей, тек даму, ілгерлеуге құлшынатын толық жағдай жасаған. | | | |
| | | Әлеуметтік | Сингапур билігі инвестицияны ең әуелі халқына жасаған. Еңбекқор, тәртіпті, білімді адам тәрбиелеуді Үкіметтің ең басты мақсаты, міндеті болдырған. Жеке адамның жауапкершілігін арттырған. Халықтың әл-ауқатын жақсартып, сапалы өмір сүру мүмкіндігін туғызу үшін алдымен төменгі үш мәселені шешкен.<br>• Сапалы білім<br>• Қолжетімді баспана<br>• Бизнес жасайтын мүмкіндік<br>Ұлтаралық қатынасқа ерекше мән берген. Қытай, малай, тамил тілдерінің артта қалған диалектлерінде сөйлейтін, өзара бірін бірі түсінбейтін, үш бөлек дінге бас ұратын этностардың басын біріктіріп, ағылшын тілін ортақ тіл болдырып, «біз сингапурлықпыз» дегенді мақтанышқа айналдырған.<br>Ағылшын тілін ұлтаралық қатынас тілі ғана емес мемлекеттік әкімшілік және бизнес тіліне айналдырғаны ең маңызды шара болған. Мұнымен қатар бәсекеге қабілетті жастар дайындау, талантты жастарды ғылым, технология, бизнес пен экономиканы басқаруға, ағылшын тілін жеттік меңгеруге баулығаны жеке адамға жасаған ең тиімді инвестиция, дамыстың ең негізгі кілті болған. | | | |
| | | Қорытынды | Бүгінгі таңда Қазақстан Сингапурмен байланыстардың дамуы мен тереңдетілуін қалайды. Технопарктер мен ақпараттық технологиялардың парктерін қалыптастыруда Сингапур өте тиімді мемлекет болып табылады. Сонымен қатар, Сингапур Қазақстанға | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | аэрокосмостық және телекоммуникациялық сферада өз көмегін көрсете алады. Қазақстандық компаниялардың сыртқы нарықта өз қызметін кеңейтуі үшін Сингапур идеалды «хаб» болып саналады. Бүгінде көлік жасау сферасындағы екіжақтық қатынастың әлеуеті, яғни потенциалы толық қолданылмайды, мемлекетіміздің қорғаныс және қауіпсіздік сферасында да жақсы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндігі бар. | | |
| **Жалпы балл** | | | | **30** | |

## IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

### IV тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы -** 40 минут
**Балл саны -** 30 балл

**Тапсырмалар түрлері:**
**КТБ -** Көп таңдауы бар тапсырмалар;
**ҚЖ -** Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;
**ТЖ -** Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

### Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа 5 тапсырмадан тұрады: соның ішінде қысқа/толық жауапты қажет ететін тапсырмалар берілген. Тапсырмаларда кестелер, сызбанұсқалар ұсынылған. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда оқушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

**IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| Бөлім | Тексерілетін мақсат | Ойлау дағдыларының деңгейі | Тапсырма саны* | Тапсырма №* | Тапсырма түрі* | Орындау уақыты, мин* | Балл* | Бөлім бойынша балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Білім мен ғылымның дамуы | 11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 1 | ТЖ | 6 | 4 | 30 |
| | 11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 2 | ТЖ | 8 | 6 | |
| | 11.4.2.3 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 3 | ТЖ | 6 | 4 | |
| | 11.4.2.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын болжау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 4 | ТЖ | 10 | 8 | |
| | 11.4.3.5 жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау | Жоғары деңгей дағдылары | 1 | 5 | ТЖ | 10 | 8 | |
| **Барлығы:** | | **-** | **5** | **-** | **-** | **40** | **30** | **30** |
| *Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер* | | | | | | | | |

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары**

1. «Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлі» тақырыбына SWOT-талдау жүргізіңіз.




[4]

2. Өз біліміңізді және төмендегі мәтінді пайдалана отырып «Венн диаграммасында» Еуропа мен мұсылман мемлекеттеріндегі университетті сылыстырыңыз.

*Ортағасырлық Еуропа университеттері*

Батыс Еуропадағы алғашқы университеттер классикалық орта ғасырларда пайда болды. Осылайша, XII ғасырдың соңында – XIII ғасырдың басында Парижде, Оксфордта, Кембриджде және Еуропаның басқа да қалаларында университеттер ашылды. Сол кезде университеттер маңызды және көбінесе жалғыз ақпарат көзі болды.

Оның аса маңызды ерекшелігі әлемді тану процесінде ақылға сүйенетін шексіз сенім болды. XIV-XV ғасырларда тек логиканы ғана пайдаланған және эксперименттерді жоққа шығарған университеттер Батыс Еуропада жаратылыстану-ғылыми ойдың дамуы үшін айқын тежеуішке айналады.

Университеттік білім берудің барлық жүйесі батыс Еуропа өркениетінің қалыптасуына өте күшті әсер етті. Университеттер ғылыми Ойдағы прогреске, қоғамдық сана-сезімнің өсуіне және жеке бас бостандығының өсуіне ықпал етті. Магистрлер мен студенттер қаладан қалаға, университеттен университетке көшкен кезде, бұл тұрақты тәжірибе болды, елдер арасында мәдени алмасуды жүзеге асырды. Ұлттық жетістіктер туралы басқа еуропалық елдерде де белгілі болды.

*Ислам университеттері*

Мұхаммед пайғамбардың заманынан бастап білім беру ислам дәстүрінің іргелі аспектісі болып табылады. 632 ж. мұсылман қоғамында діни сарапшы класс қалыптасты.Олар өзіне студенттерді тартып, мәтіндерді, идеяларды және тәжірибелерді беру жүйесін әзірледі. VIII ғасырдың басында Омейяд халифатының Мекка, Медина, Басра, Куфа және Дамаск сияқты қалаларында қоғамдастықтың ықпалды ғалымдары болған. IX-X ғғ. "Әл-Азхар" мешіттері Каирдегі Әл-Азхар және Фесадағы әл-Каравийюн мешіттері бүкіл мұсылман әлемінен білім іздеушілерді тартатын білім беру орталықтарына айнала бастады.

Ислам университеттері жаһандық мұсылман қоғамдастығында діни ойды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Олардың ықпалы әлемнің түрлі елдерінен мұсылмандарды біріктіріп, оқыту, баспа, ұйымдастыру және уағыздау қызметі арқылы белгілі бір Зияткерлік, саяси және теологиялық бағдарламаларды ілгерілетуде.

| Ерекшелігі | Ұқсастықтары | Ерекшелігі |
|---|---|---|
| 1.________________ | 1.________________ | 1.________________ |
| ________________ | ________________ | ________________ |
| 2.________________ | 2.________________ | 2.________________ |
| ________________ | ________________ | ________________ |

[6]

3. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығына баға беру үшін, ғаламторды мысалға алып, оның жағымды және жағымсыз тұстарын көрсетіңіз.

| *ЖАҒЫМДЫ* + | *ЖАҒЫМСЫЗ* − |
|---|---|
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |

[4]

**4.** Төменде көрсетілген суреттерді және өз біліміңізді пайдалана отырып *«Жаһандық мәселелерді шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің рөлі қандай?»* Тақырыбында «ПТМС формуласын» пайдаланып жауап жазыңыз.






«ПТМС формуласы»:
Менің ойымша...[2]
Себебі мен оны былай түсіндіремін... [2]
Оны мен былай дәлелдей аламын... [2]
Осыған байланысты мен мынандай қорытынды шешімге келдім...[2]

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

[8]

5. Төменде көрсетілген суретті және өз біліміңізді пайдалана отырып, жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін, PEST талдау арқылы көрсетіңіз.



| *Саяси* | **P** | *Экономикалық* | **E** |
|---|---|---|---|
| *1.*<br>*2.* | | *1.*<br>*2.* | |
| *Әлеуметтік* | **S** | *Технологиялық* | **T** |
| *1.*<br>*2.* | | *1.*<br>*2.* | |

[8]

**Балл қою кестесі**

| Тапсырма № | Жауап | Балл | Қосымша мәлімет |
|---|---|---|---|
| 1 | *Күшті жақтары*<br>Білім саласына салынған инвестиция ол әрқашан да өз жемісін береді. Өйткені білім мемлекеттің дамуы үшін қажет.<br>*Әлсіз жақтары*<br>Білім саласына бөлінетін кейбір қаражаттар өз жемісін бере бермейтін кездер де болады. Оның себебі дұрыс жоспарланбаған саясат.<br>*Мүмкіндіктері*<br>Білім саласын дамыту арқылы мемлекет әлеуметтік экономикалық жағынан алға жылжи алады.<br>*Қауіп-қатері*<br>Білім мен ғылымның дамуы кейбір жағдайда өзінің теріс әсерлерін беріп жатады. Білімді адамдар өз білімін адамзатқа қарсы қару ретінде қолдануы да мүмкін. | 4 | Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |
| 2 | *Ортағасырлық Еуропа университеттерінің ерекшелігі:*<br>1. XIV-XV ғасырларда тек логиканы ғана пайдаланған және эксперименттерді жоққа шығарған университеттер Батыс Еуропада жаратылыстану-ғылыми ойдың дамуы үшін айқын тежеуішке айналады.<br>2. Діни шіркеу қызметкерлері қандай да болсын ғылыми жаңалықтардың құдайлық іске қатысы жоқ деген тұжырымға жақын келсе бірден қатал жазаға тартылды.<br>*Ислам университеттерінің ерекшеліктері:*<br>1. Мұхаммед пайғамбардың заманынан бастап білім беру ислам дәстүрінің іргелі аспектісі болып табылады. 632 ж. мұсылман қоғамында діни сарапшы класс қалыптасты. Олар өзіне студенттерді тартып, мәтіндерді, идеяларды және тәжірибелерді беру жүйесін әзірледі<br>2. Басқа елдермен салыстырғында араб ислам елдерінде білімге, ғылымға ерекше мән берген. Көптеген халық көп шоғырланған қалаларда міндетті түрде білім ордаларын ашып отырған<br>*Ұқсастықтары*<br>1. Университеттердің барлығының ортақ мақсаты білім беру. Білімді жетілдіру.<br>2. Университеттер білім алушыларға мемлекет үшін кадрлар дайындайды. | 6 | Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |
| 3 | *Жағымды тұстары:*<br>1. Көптеген адамдар, әсіресе ғаламтор қолдауншылары, ғаламтордың адамзаттың ең үлкен қолжетістігі екендігімен келісері анық. Әлемдік тордың жан-жақты, білімді, көзқарасымыз кең болып, | 4 | Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көптеген қызықты дүниелерді үйренуімізге ықпалы мол.<br><br>2. Танымдық бағдарламаларды көру, жаңа ақпарат алу, білімімізді толықытыру, шетел тілдерін үйрену арқылы ғаламторда уақытымызды тиімді әрі пайдалы өткізе аламыз. Кей адамдар ғаламтор арқылы мамандық алып, жұмысқа орналасып жатады. Бұлардан бөлек, ғаламторды жолын білгендер табыс көзі ретінде қолдана алады. Соңғы жылдарда дәл осы ғаамтормен байланысты түрлі мамандықтар пайда болған.<br><br>*Жағымсыз жақтары:*<br>1. Ғаламтордың зияныжайлы сөз болғанда ең бірінші қозғалатын тақырып - ғаламторға тәуелділік. Ал бұл аңыздан алынған термин емес. Ғаламтор қолданушыларының 10%-ы ғаламторға тәуелді екендігі дәлелденген. Тіпті, олардың бірқатары ғаламторды үй, тағам, су іспетті өмірлік маңызды дүние деп есептейді. Оңтүстік Корея, Қытай, және Тайваньда ғаламторға тәуелділікті ұлттық деңгейдегі мәселе ретінде қарастырады. Десе де ғаламтордың зияны тек мұнымен шектелмейді. Компьютер мониторының алдында ұзақ уақыт отырудың өзі көзіміздің көруіне теріс ісер етсе, компьютер алдында дұрыс қалыпта отырмағанның салдарынан қимыл-тірек аппаратымызға зиян келеді.<br><br>2. Адам психикасына кері әсер ететін ақапараттарды да ғаламтордың зиянды жағына қоса аламыз. Ғаламтор арқылы алаяқтар жеке тұлға жайлы мәлімет алып, оны өз мақсатына қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, әлемдік тор арқылы компьютер жүйесіне зақым келтіріп, зиянын тигізетін вирустар тарайды. | | |
| 4 | *Менің ойымша...*<br>Адам санының өсуі жыл сайын біздің ғаламшар үшін аса маңызды мәселе болып отыр. Бұл әлеуметтік және экологиялық апат қаупін туғызып отыр. Қауіпті үрдістер мамандарды осынышешу жолдарын іздеуге мәжбүрлейді.<br>*Себебі мен оны былай түсіндіремін..*<br>Ормандардың, жайылымдардың, жабайы табиғаттың, топырақтың азып-тозуы бұл ғаламшарда адам санының өте көп болу қаупінің толық емес тізімі ғана. Ғалымдардың есептеуінше, бүгінде әлемнің кедей елдеріндегі ресурстардың тығыздығына және жетіспеушілігіне байланысты жыл сайын шамамен 30 миллион адам мезгілсіз өледі.<br>*Оны мен былай дәлелдей аламын...*<br>Адам санының өсуінен бүкіл ғаламшар үшін өлімге ұшырамауы үшін бала тууды шектеу ғана емес, | 8 | Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ресурстарды ұтымды пайдалану қажет. Өзгерістер баламалы энергия көздерін пайдалануда болуы мүмкін. Олардан қалдықтар аз қалады және әлдеқайда тиімдірек. Швеция 2020 жылға қарай органикалық отын көздерінен бас тартады (оларды қалпына келетін көздерден энергия алмастырады). Сол жолмен Исландия қозғалады.<br>2012 жылы британдық энергияның 10% жел энергиясы есебінен өндірілген. АҚШ-та атом саласында шоғырланады. Жел энергетикасындағы еуропалық көшбасшылар Германия мен Испания болып табылады, онда салалық жыл сайынғы өсім 25%-ға тең. Биосфераны қорғау бойынша экологиялық іс-шаралар ретінде жаңа қорықтар мен ұлттық парктердің ашылуы өте жақсы.<br>*Осыған байланысты мен мынандай қорытынды шешімге келдім.*<br>Жаһандық мәселелерді шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің рөлі ерекше. Оны тек орнымен және дұрыс пайдалана білу керек. | | |
| 5 | *Саяси*<br>Үшінші мыңжылдық экономиканы жаһандандыру, ақпараттық байланыстар және ақпараттық технологияларды өндіріске енгізу жағдайында басталды.<br><br>*Экономикалық*<br>Әлемдік экономиканың шаруашылық өсуі мен құрылымына өндірістік күштердің барлық элементтерін қозғайтын ғылыми-техникалық прогресс күмәнсіз әсер етеді.<br>Қазіргі әлемде елдің экономикалық қуаты өндірілген жалпы ұлттық өнімнің көлемімен және оның капитал ресурстары мен жұмыс күшінің болуымен ғана емес, ғылыми-техникалық әлеуеттің өлшемдерімен, өнертабыстар мен жаңалықтардың, өнімнің жаңа түрлерінің, ең алдымен техника мен технологиялардың санынан көрінетін оны пайдаланудың тиімділігімен айқындалады.<br><br>*Әлеуметтік*<br>Ғылыми-техникалық әлеует қазіргі уақытта ерекше ресурс болды, онсыз қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті өндіріс мүмкін емес.<br>Ғылыми-техникалық әлеуетті елдер - бұл жаңа өнімдер мен технологияларды жасайтын оның ғылыми-техникалық саласының жиынтық ресурсы.<br>*Технологиялық*<br>Ғылыми білім экономикалық өсудің негізгі факторына айналған технологиялық дамуды жеделдетті. | 8 | Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ол бар ғылыми-техникалық ресурстардың санымен ғана емес, сондай-ақ олардың сапасымен, осы ресурстарды басқара білуімен, перспективаларды дұрыс бағалай білуімен, ғалымдардың ашулар мен өнертабыстарға деген ішкі мүдделілігімен анықталады. | | |
| **Жалпы балл** | | **30** | |